

Берешекті және өсімпұлды өтеу туралы хабарламаның нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2006 жылғы 16 маусымдағы N 215 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 7 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 4284. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2010 жылғы 17 шілдедегі № 357 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2010.07.17 № 357 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 350-бабының 8-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған берешекті және өсімпұлды өтеу туралы хабарламаның нысаны бекітілсін. Қараңыз.К100296
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Посткедендік бақылау басқармасы (Д.Т. Мамашева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ұйымдастырушылық жұмыс және бақылау басқармасы (С.С. Молдабаев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. "Берешекті және өсімпұлды өтеу туралы хабарламаның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 185 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2278 болып тіркелген, 2003 жылғы 28 маусымдағы N 26 "Ресми газетте" жарияланған) күші жойылды деп танылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Ә.Е. Мамбеталинге жүктелсін.
6. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Кедендік
бақылау комитеті төрағасының

2006 жылғы 16 маусымдағы

№ 215 бұйрығымен бекітілген

Ескерту. Хабарламаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007.12.21. № 474 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Берешекті және өсімпұлды өтеу туралы

хабарлама

" ____ " _____ 200__ ж N _____

(кеден органының атауы)

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 24-баптың 9-тармақшасына, 348, 355, 356, _____ 466 - баптарына сәйкес, _____

(қажет баптың астын сызыңыз)

(төлеушінің тегі, есімі, әкесінің аты немесе толық атауы, заңды тұлғаның мекен-жайы, СТН-ы) _____ сізге

N _____ келісім-шарт

н е г і з і н д е

(санмен және жазбаша)

сомаға кедендік төлемдердің,

салықтардың және өсімпұлдардың есептелгендігі туралы хабарлайды.

Р/б N	Бюджеттік жіктеме коды	Кедендік төлемнің немесе салықтың түрі	Төлем (салық) сомасы	Хабарламаны шығарған күндегі өсімпұл сомасы	Жалпы сома
1	2	3	4	5	6

200__ жылғы " ____ " _____ дейінгі мерзімде Сіз аталған соманы

(алушы-салықтық органның және оның Қазынашылығының деректемелері,

(СТН, ИИК, БИК және т.б.)

бюджеттік жіктеме кодтары бойынша бюджетке 080_____ "Бюджеттер арасында бөлінетін кірістер" баланстық шотына аударуыңыз қажет.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 349-бабына сәйкес көрсетілген баптың 2-1, 2-2, 2-3-тармақтарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, өсімпұл

кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу мерзімдері өткен күннен кейінгі күннен бастап, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеудің кешіктірілген әрбір күні үшін төлеу күнін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы 2,5 есе мөлшерінде е с е п т е л е д і .

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 358-бабына сәйкес берешек пен өсімпұлды өтеу кезектілігі Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 33-бабына сәйкес айқындалады, ол мынадай тәртіпті белгілейді:

1) есептелген өсімпұлдар;

2) бересі сомасы;

3) айыппұлдар сомасы.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 350-бабының 2-тармағына сәйкес хабарлама төлеушіге оны әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуға қ а р а м а с т а н жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 66-тарауына сәйкес Сіз осы хабарлама туралы жоғары тұрған кеден органына шағымдануға не сотқа жүгінуге құқылысыз. Берешек пен өсімпұлды өндіріп алу туралы кеден органының ескертуіне шағым он күн ішінде берілуі тиіс.

Хабарламаға шағымдану жағдайларын қоспағанда, хабарламадағы талаптарды Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 350-бабына сәйкес орындау мерзімі хабарламаны тапсырған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімді құрайды.

Ескертуге шағым жасалған жағдайда, ескертуде қамтылған талаптарды орындау мерзімін есептеу шағым түскен күнінен бастап шағым бойынша шығарылған шешім заңды күшіне енген күнін қоса алған уақытқа дейін т о қ т а т ы л а тұрады.

Бұл ретте, шағым өсімпұлдың есептелуін тоқтатпайды.

Шағымдану жағдайларын қоспағанда, хабарламадағы талаптар орындалмаған жағдайда кеден органы Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 45-тарауына сәйкес іс-әрекеттерді қолданады.

Қосымша - хабарламаны шығарған күндегі берешек пен өсімпұлды ашып жазу _____ бетте.

Кеден органының бастығы

(Т . Е . Ә . , қ о л ы)

" ____ " _____ 200 __ ж.

М.О.

Хабарлама төлеушіге тапсырылды

(Т . Е . Ә . , қ о л ы)

" ____ " _____ 200 __ ж.

Хабарлама төлеушіге жіберілді _____
(жөнелту және алу фактісі туралы растайтын құжат)
" ____ " _____ 200 __ ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК